

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 20 шілдедегі N 1018 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 8 желтоқсан N 1825. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 30 маусымдағы № 732 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 30.06.2014 № 732 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында кадрлар даярлауды мемлекеттік-білімдік несиелендіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 20 шілдедегі N 1018 қаулысына Р991018_ (Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, 1999 ж., N 35, 317-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар

енгізілсін:

2-тармақта "Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі мен Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігі" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі мен Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі" деген сөздермен аудастырылсын;

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі мен Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісе отырып, заңнамада белгіленген тәртіппен екі айлық мерзімде мемлекеттік студенттік несие беру тәртібі туралы нұсқаулықты әзірлесін және бекітсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінен және Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінен түсетін несиелік ресурстарды қабылдау және оларды мемлекеттік білімдік несие бойынша жоғары білімді мамандар даярлауды жүзеге асыруши заңды тұлғаларға аудару үшін, сондай-ақ қарыз алушылардың қаражатты қайтаруын есепке алу және бақылау үшін белгіленген тәртіппен Астана қаласы Қазынашылық басқармасында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Қаржы орталығы" мемлекеттік мекемесін депозиттік шот ашуды қамтамасыз етсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында мамандар даярлауды несиелендірудің ережесінде:

2 және 3-тармақтарда "Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі мен Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігіне", "Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі мен Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігі" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі мен Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігіне", "Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі мен Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

4, 5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік білімдік және мемлекеттік студенттік несиeler республиканың жоғары оқу орындарында (бұдан әрі - жоғары оқу орындары) оқу үшін қарыз алушылардың Қазақстан Республикасының тұрақты кіріс көзі бар еңбекке қабілетті азаматының немесе заңды тұлғаның кепілдігін ұсынуы арқылы Қазақстан Республикасының азаматтарына (бұдан әрі - қарыз алушылар) теңгемен беріледі. Қарыз алушылардың жекелеген санаттарына (жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар және т.б.) мемлекеттік білімдік және мемлекеттік студенттік несиeler көрсетілген кепілдік берусіз, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен беріледі.

Басқа мемлекеттердің азаматтары болып табылатын ұлты қазақ адамдардың мемлекеттік білімдік несиeler мен мемлекеттік студенттік несиeler алуға Қазақстан Республикасы азаматтарымен тең құқығы бар.

5. Несие қаражатын бөлу ай сайын жүзеге асырылады. Мемлекеттік білімдік несие 15 (он бес) жылға дейін, мемлекеттік студенттік несие 10 (он) жылға дейін мерзімге беріледі. Несие мерзімін есептеу үш жақты несие келісімі (бұдан әрі - үш жақты келісім) жасалған күннен басталады. Қарыз алушының несиені өтеуі жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін алты айдан соң басталады. Төлемдер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Қаржы орталығы" мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі - Қаржы орталығы) депозиттік шоты арқылы жылына кемінде екі рет кезеңділікпен республикалық бюджетке теңгемен төлеңеді.

6. Қаржы орталығы үш банкі құні ішінде несиelerді өтеу немесе игерілмеген несие қаражаттарын қайтару шотына түскен қаржыларды республикалық бюджет кірісіне аударады.";

7 және 10-тармақтар алынып тасталсын;

11 және 13-тармақтарда "Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі" және "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігіне" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі" және "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

12-тармақта "Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбеден" деген сөздер алышып тасталсын;

14-тармақта "және несие беру сөтіндегі бағада оқудың бүкіл мерзіміне несиенің мөлшерін көрсете отырып," деген сөздер алышып тасталсын;

15-тармақ алышып тасталсын;

16, 18, 19, 28, 29, 34-тармақтарда "банк-агенттің", "Банк-агент" және "банк-агентке" деген сөздер "Қаржы орталығының", "Қаржы орталығы" және "Қаржы орталығына" деген сөздермен ауыстырылсын;

16-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын: "Кәмелетке толмаған қарыз алушылар ата-аналарының, асырап алушылардың немесе қорғаншылардың келісімімен үш жақты келісім жасайды.";

17-тармақ алышып тасталсын;

20 және 21-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Дәлелді себеппен (ауру) мемлекеттік білімдік несие бойынша оқуды мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда, қарыз алушы, оның оқуына жұмсалған соманы осы Ереженің 5-тармағында көзделген тәртіппен қайтаруға міндетті. Дәлелсіз сипаттағы себептермен (академиялық үлгермеуіне, оқу тәртібі мен ішкі тәртіп ережелерін және т.б. бұзына байланысты) мемлекеттік білімдік несие бойынша оқуын тоқтатқан жағдайда, қарыз алушы, оның оқуына жұмсалған соманы оқуды тоқтатқан күнінен бастап бір жыл ішінде қайтаруға міндетті.

21. Қарыз алушыға академиялық демалыс берілген жағдайда несие мерзімі қарыз алушы, жоғары оқу орны және Қаржы орталығы арасындағы үш жақты келісімге тиісті қосымша келісімді ресімдеу арқылы академиялық демалыс кезеңіне ұзартылады. Үәкілетті органның бұл қарыз алушының несиеі бойынша қаржы бөлуі академиялық демалыс кезеңіне тоқтатылады және студенттің оқуын жалғастыруы туралы жоғары оқу орны бойынша бұйрық шыққаннан кейін қайтадан басталады. ";

27-тармақ алышып тасталсын;

29-тармақта екінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

"Жоғары оқу орнының студенттік несие қаражатын беруі үш жақты келісім шарттарына сәйкес қолма-қол ақшамен немесе қарыз алушылардың кәртішке-шоттарына аудару жолымен жүзеге асырылады.";

30-тармақ алышып тасталсын;

31-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"31. Дәлелді себеппен (ауру) оқуды мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда, қарыз алушы, берілген студенттік несие сомасын осы Ереженің 5-тармағында көзделген тәртіппен қайтаруға міндетті. Дәлелсіз сипаттағы себептермен (академиялық үлгермеуіне, оқу тәртібі мен ішкі тәртіп ережелерін және т.б. бұзына байланысты) немесе өз тілегі бойынша оқуын тоқтатқан жағдайда,

қарыз алушы, оның оқуына жұмсалған соманы оқуды тоқтатқан күнінен бастап бір жыл ішінде қайтаруға міндетті.";

33-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"33. Қаржы орталығы түсken несие қаражаттарының сомалары туралы белгіленген нысан бойынша қарыз алушылар, мамандықтар мен курстар бөлінісінде тоқсан сайын Уәкілетті органдарға мәліметтер беріп отырады. Бұл ретте мәліметтерде қарыз алушылардың мемлекеттік білімдік несиелендіру шеңберінде жасасқан шарттарының нөмірлері мен күндері көрсетілуі тиіс.";

мынадай мазмұндағы 35-тармақпен толықтырылсын:

"35. Уәкілетті мемлекеттік органдар жоғары оқу орындарына аударылған несие қаражаттарының сомалары туралы, мамандықтар топтары бойынша жоғары оқу орындары мен қарыз алушылар бөлінісінде несиелерді өтеу және игерілмеген қаржыларды қайтару сомалары туралы жыл сайын Қазақстан

Республикасының Қаржы министрлігіне мәліметтер беріп тұрады".

2. Осы қаулы күшіне енгеннен кейін пайда болған құқықтық қатынастарға осы қаулы қолданылады.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК